

БИЗНЕСТІ ЖАУАПТЫ ЖҮРГІЗУ 2024

ECONOMIC
RESEARCH
INSTITUTE
QAZAQSTAN

КӘСІПКЕРЛІК ҚЫЗМЕТТІ ЖАУАПТЫ ЖҮРГІЗУ БОЙЫНША КӨПҰЛТТЫ КӘСІПОРЫНДАР ҮШІН ЭЫДҰ-НЫҢ БАСШЫЛЫҚ ҚАҒИДАТТАРЫ



Қазақстанның Ұлттық
байланыс орталығы





КӘСІПКЕРЛІК ҚЫЗМЕТТІ ЖАУ- АПТЫ ЖҮРГІЗУ ДЕГЕНІМІЗ НЕ?

Кәсіпкерлік қызметті жауапты жүргізу (БЖЖ) – бұл Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (ЭЫДҰ) пайдаланатын, инвестициялардың, адам құқықтарының, тұтынушылардың құқықтарын қорғаудың және тиісті сақтықтың ерекше рөлін көрсететін стандарттар.

БЖЖ барлық кәсіпорындар заңды мәртебесіне, мөлшеріне, меншік нысанына немесе секторына қарамастан, олар жұмыс істейтін елдерде тұрақты дамуға ықпал ете отырып, өз қызметінің теріс салдарын болдырмайды және жояды деп белгілейді.

БЖЖ стандарттары 1976 жылы ЭЫДҰ-ның көпұлтты компанияларға арналған Басшылық қағидаттарындағы ұсынымдардан құралған.

2023 жылы Басшылық қағидаттары жаңартылды, онда климаттың өзгеруі, биоалуантүрлілік, технология, бизнестің адалдығы және жеткізу тізбегін дұрыс тексеру сияқты негізгі салаларда бизнесті жауапты жүргізу бойынша жаңа ұсыныстар, сондай-ақ Кәсіпкерлік қызметті жауапты жүргізу бойынша Ұлттық байланыс орталықтары үшін жаңартылған процедуралары енгізілді.



OECD **GUIDELINES**
FOR MULTINATIONAL
ENTERPRISES

ЭЫДҰ-НЫҢ БАСШЫЛЫҚ ҚАҒИДАТТАРЫ

ЭЫДҰ-ның Кәсіпкерлік қызметті жауапты жүргізу бойынша көпұлтты кәсіпорындарға арналған басшылық қағидаттары-бұл мемлекеттік саясатқа қайшы келмейтін көпұлтты компаниялардың қызметін қамтамасыз етуге, кәсіпорындар мен қоғам арасындағы өзара сенім негіздерін нығайтуға, инвестициялық ахуалды жақсартуға жәрдемдесуге және көпұлтты кәсіпорындардың орнықты дамуға үлесін кеңейтуге арналған қағидаттар жиынтығы.

ЭЫДҰ Басшылық қағидаттары қызметінің жүзеге асырылуын қадағалау ЭЫДҰ Инвестициялар комитетіне жүктелген.

БАСШЫЛЫҚ ҚАҒИДАТТАР:

- БЖЖ ең толық халықаралық стандарты;
- бизнес, кәсіподақтар және азаматтық қоғам мақұлдаған көпұлтты компанияларға арналған әдеп кодексі;

- заңды түрде міндетті емес, бірақ қол қойған үкіметтер олардың орындалуы мен сақталуын қамтамасыз етуге міндетті. Басшылық қағидаттары көпұлтты кәсіпорындарға олардың қызметін мемлекеттің жүргізіп отырған саясатымен үйлестіруге көмектеседі. Негізгі аспект ашық инвестициялық ахуалды кәсіпорындардың міндеттерімен теңдестіру болып табылады.

ЭЫДҰ-НЫҢ БАСШЫЛЫҚ ҚАҒИДАТТАРЫ- НА СӘЙКЕС КӘСІПОРЫНДАР:

- 1) орнықты дамуға қол жеткізу мақсатында экономикалық, экологиялық және әлеуметтік дамуға жәрдемдесу
- 2) кәсіпорын қызметінің нәтижесінде туындауы мүмкін қолайсыз әсерді болдырмау немесе осындай қолайсыз әсерді жұмсарту жөнінде шаралар қабылдау.



КӨПҰЛТТЫ КӘСІПОРЫНДАР

ЭЫДҰ-ның Басшылық қағидаттары көпұлтты кәсіпорындарға қатысты қолданылады.

Көпұлтты кәсіпорын – бұл кез-келген меншік нысанындағы кәсіпорын (компания, ұйым), оның ішінде экономиканың барлық салаларында жұмыс істейтін және өз қызметін үйлестіруге мүмкіндік беретін бірнеше елде құрылған бас компаниялар және (немесе) жергілікті бөлімшелер (филиалдар, өкілдіктер).

ЭЫДҰ Басшылық қағидаттарында көпұлтты кәсіпорынның анықтамасы жоқ, өйткені мұндай кәсіпорындар экономиканың бар-

лық салаларында жұмыс істейді және әдетте бірден артық елде орналасқан компаниялар немесе басқа ұйымдар болып табылады.

Бұл жеке кәсіпорындарға да, мемлекеттік кәсіпорындарға да, аралас меншік құрылымы бар кәсіпорындарға да қатысты.

ЭЫДҰ-ның Басшылық қағидаттары көпұлтты және отандық кәсіпорындар үшін режимдегі айырмашылықтарды енгізбейді; олар барлық кәсіпорындар үшін тиісті тәжірибені көрсетеді. Тиісінше, ЭЫДҰ-ның Басшылық қағидаттары қолданылатын жерде, барлық көпұлтты және отандық кәсіпорындар қызметіне қатысты бірдей бағалау қолданылады.



ЭЫДҰ-НЫҢ БАСШЫЛЫҚ ҚАҒИДАТТАРЫНЫҢ НЫСАНАЛЫ АУДИТОРИЯСЫ



ҮКІМЕТТІҢ РӨЛІ

- Ұлттық байланыс орталығын құру;
- Барлық мүдделі ұйымдар мен тұлғалар арасында БЖЖ қағидаттарын танымал ету;
- Дауларды сотқа дейін реттеу;
- Басқа елдердің ҰБО-мен ақпарат алмасу;
- Барлық мүдделі тараптармен БЖЖ бойынша жаңа нұсқаулықтарды бірлесіп әзірлеу.

КӘСІПОРЫНДАРДЫҢ РӨЛІ

- Өз қызметінің қоршаған ортаға және адамға теріс әсер ету тәуекелдерін анықтау;
- Тәуекелдердің туындауын болдырмауға бағытталған іс-шараларды әзірлеу және орындалуын бақылау;
- Бизнес бойынша барлық серіктестердің БЖЖ қағидаттарын қолдануды мақұлдау;
- БЖЖ бойынша компания қызметін насихаттау.

ЭЫДҰ БАСШЫЛЫҚ ҚАҒИДАТ- ТАРЫНЫҢ БАҒЫТТАРЫ

ТҰЖЫРЫМДАМАЛАР МЕН ҚАҒИДАТТАР

Қағидаттар үкіметтердің көпұлтты кәсіпорындарға бағытталған ұсыныстары болып табылады.

Ұлттық заңнаманы сақтау кәсіпорындардың бірінші міндеті болып табылады.

Мемлекеттер өз аумақтарында жұмыс істейтін кәсіпорындардың қағидаттарды сақтауын көтермелейді.

Қағидаттар көпұлтты және отандық кәсіпорындар үшін режимдік айырмашылықтарды енгізуге арналмаған; олар барлық кәсіпорындар үшін тиісті тәжірибені көрсетеді. Қағидаттарды мемлекеттер көпұлтты кәсіпорындар инвестиция салатын елде протекционистік мақсатта пайдаланбауы керек.

Мемлекеттер көпұлтты кәсіпорындар жұмыс істейтін жағдайларды анықтауға құқылы.

ЖАЛПЫ САЯСАТ

Кәсіпорындар өз қызметін жүзеге асыратын елдерде белгіленген саясат шараларын толығымен ескеруі керек, сонымен қатар басқа мүдделі тұлғалардың пікірлерін ескеруі керек.

Кәсіпорындар тұрақты дамуға қол жеткізу

үшін экономикалық, экологиялық және әлеуметтік прогреске жәрдемдесуі керек.

АҚПАРАТТЫ АШУ

Кәсіпорындар тұрақты даму туралы ақпаратты ашуға өсіп келе жатқан талаптарға тап болады. Олар инвестордың кәсіпорын құнын бағалауына әсер етуі мүмкін барлық маңызды мәселелер бойынша ақпаратты ашуы керек. Сондай-ақ олардың тиісті тексеру процестері мен олардың қызметі, өнімдері және қызметтерінің адамдарға, планетаға және жалпы қоғамға әсері туралы сенімді ақпарат беруі маңызды.

АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫ

Кәсіпорындар адам құқықтарына зиян келтіруден немесе мұндай әрекеттерге жәрдемдесуден аулақ болуы керек, сондай-ақ егер олар орын алатын болса, мұндай салдарды жою үшін шаралар қабылдауы керек. Кәсіпорындар өздерінің іскерлік қатынастарына байланысты болатын адам құқықтарына теріс әсердің алдын алуға немесе азайтуға тырысуы керек. ЭЫДҰ-ның Адам құқықтарына арналған нұсқаулықтар бөлімі БҰҰ-ның кәсіпкерлік және адам құқықтары саласындағы нұсқауларына толық сәйкес келеді.





ЕҢБЕК ЖӘНЕ ӨНДІРІСТІК ҚАТЫНАСТАР

Кәсіпорындар еңбек және өндірістік қатынастар саласындағы кез-келген заңсыз тәжірибеден аулақ болу керек, қызметкерлердің өз қалауы бойынша кәсіподақтар мен басқа ұйымдар құру немесе оларға кіру құқығын құрметтеуі керек, соның ішінде ұжымдық келіссөздер мақсатында. Олар балалар еңбегін және мәжбүрлі немесе міндетті еңбектің барлық түрлерін жоюға белсенді ықпал етуге, сондай-ақ мүмкіндіктер теңдігі мен әділ қарым-қатынас қағидаттарын сақтауға міндетті. Кәсіпорындар қауіпсіз және салауатты еңбек жағдайларын қамтамасыз етуі керек. ЭЫДҰ-ның еңбек және өндірістік қатынастарға қатысты Басшылық қағидаттарының бөлімі ХЕҰ-ның Еңбек саласындағы негізгі қағидаттар мен құқықтар туралы декларациясына толық сәйкес келеді.

ҚОРШАҒАН ОРТА

Кәсіпорындар өз жұмысының, өнімдері мен қызметтерінің қоршаған ортаға теріс әсеріне қатысты тиісті тексеру жүргізуі керек. Бұған климаттың өзгеруіне әсер етуі, биоәртүрліліктің жоғалуы, құрлықтағы, теңіздегі және тұщы су экожүйелерінің деградациясы, ормандардың жойылуы, сондай-ақ ауаның, судың және топырақтың

ластануы және қалдықтарды, соның ішінде қауіпті заттарды дұрыс пайдаланбау жатады. Кәсіпорындар парниктік газдар шығарындылары мен көміртегі сіңіргіштеріне әсері жаһандық жылынуды шектеу бойынша халықаралық келісілген мақсаттарға сәйкес келетініне кепілдік беруі керек. Сонымен қатар, олар климаттың өзгеруіне қарсы іс-қимыл және табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану саласындағы қызметінің әлеуметтік салдарын бағалап, азайтуы керек.

ПАРАҚОРЛЫҚҚА ЖӘНЕ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚТЫҢ БАСҚА НЫСАНДАРЫНА ҚАРСЫ КҮРЕС

Сыбайлас жемқорлық көбінесе ЭЫДҰ-ның Басшылық қағидаттарына әсер ететін аспектілерге теріс әсер етеді. Кәсіпорындар парақорлықтың және сыбайлас жемқорлықтың басқа да түрлерінің, соның ішінде олардың іскерлік қатынастар шеңберіндегі көріністерінің алдын алу, анықтау және жолын кесу жөнінде шаралар қабылдауы тиіс.

ТҰТЫНУШЫЛАРДЫҢ МҮДДЕЛЕРІ

Кәсіпорындар маркетингтің әділ әдістерін қолданып, өз өнімдерінің сапасы мен сенімділігіне кепілдік беруі керек. Олар



тұтынушыларға негізделген шешімдер қабылдау үшін жеткілікті, нақты, тексерілетін және түсінікті ақпарат беруі керек. Өнімнің сипаттамалары, сондай-ақ оның экологиялық немесе әлеуметтік аспектілері туралы барлық мәлімдемелер сенімді дәлелдермен расталуы керек.

ҒЫЛЫМ, ТЕХНОЛОГИЯ ЖӘНЕ ИННОВАЦИЯ

Технология тұрақты даму, адам құқықтары, экономикалық өмірге қатысу, демократиялық процестердің сапасы, әлеуметтік келісім, климаттың өзгеруі, жаһандық бизнес, еңбек нарығы және нарық динамикасы сияқты ЭЫДҰ-ның Басшылық қағидаттарымен қамтылған мәселелерге айтарлықтай әсер етеді. Кәсіпорындар ғылыми және технологиялық инновацияларды әзірлеуге, лицензиялауға, сатуға, айналымға енгізуге және пайдалануға байланысты жағымсыз салдардың алдын алу және жою үшін тиісті тексеру жүргізу керек.

БӘСЕКЕЛЕСТІК

Кәсіпорындардың қызметі бәсекелестікке қарсы салдарды тудыра алатын барлық юрисдикциялардың заңнамасын ескере отырып, олар өз қызметін бәсекелестік саласындағы қолданыстағы заңдар мен ере-

желерге сәйкес жүргізуі керек. Кәсіпорындар ұлттық және халықаралық нарықтардың тиімділігіне нұқсан келтіретін бәсекелестікке қарсы келісімдер жасасудан бас тартуы керек.

САЛЫҚ САЛУ

Кәсіпорындар салық міндеттемелерін уақтылы орындау арқылы жұмыс істейтін елдердің мемлекеттік қаржысына үлес қосуы керек. Салықтық ашықтық ұлттық салық жүйесінің тұтастығын сақтауға ықпал етеді және кәсіпорындардың салық заңнамасының хатын да, рухын да сақтауын көрсетеді. Кәсіпорынның директорлар кеңесі салық салумен байланысты қаржылық, реттеуші және беделді тәуекелдерді толық анықтау мен бағалауды қамтамасыз ету үшін салықтық тәуекелдерді басқару стратегияларын әзірлеуі керек.

ЭЫДҰ-НЫҢ БАСШЫЛЫҚ ҚАҒИДАТТАРЫНА ҚОСЫЛҒАНДАРДЫҢ БАРЛЫҒЫ ӨЗ АУМАҚТАРЫНДА ҰБО ҚҰРУҒА МІНДЕТТІ

ЭЫДҰ Басшылық қағидаттарын қолдау бірегей тетіктің - Ұлттық байланыс орталығының (ҰБО) көмегімен жүзеге асырылады.

ҰБО практикалық мәселелер мен туындаған дауларды шешу үшін медиация және келісу рәсімдері (сотқа дейін реттеу) үшін платформа болып табылады.


Қазіргі уақытта ҰБО


ЭЫДҰ-ға мүше 38 елде және ЭЫДҰ-ға мүше емес 13 елде жұмыс істейді


Барлық 51 елге тікелей шетелдік инвестициялардың 80% тиесілі.

2000 жылдан бастап 2023 жылға дейін барлығы 650-ден астам жағдай қаралды, оның ішінде:

62% адам құқықтарына, 54% жалпы саясатқа қатысты, оның ішінде тиісті тексерумен байланысты күтулер, 39% жұмыспен қамту және жұмысқа орналастыру, 24% қоршаған орта және ақпаратты ашу мәселелеріне қатысты.



 ЭЫДҰ-ға қатысушы елдер

 ЭЫДҰ мүшелері болып табылмайтын елдер



ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҰЛТТЫҚ БАЙЛАНЫС ОРТАЛЫҒЫ

Қазақстанның Ұлттық байланыс орталығы- ЭЫДҰ-ның Басшылық қағидаттарына сәйкес бизнесті жауапты жүргізу қағидаттарын бұзатын кәсіпорындардың әрекеттеріне немесе әрекетсіздігіне халықтың/қоғамның өтініштерін қараудың ерікті, соттан тыс тетігі.

ҰБО проблемаларды талқылау және өзара келісімге қол жеткізу жолдары мен өзгерістерді әзірлеу үшін тараптар арасындағы сындарлы диалог үшін алаң ұйымдастырады.

Қазақстандағы ҰБО рөлін Қазақстанның Ұлттық экономика министрлігі атқарады.

Қазақстандағы ҰБО Қазақстан Республикасының Конституциясын, заңдарын, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін, ЭЫДҰ-ның Басшылық қағидаттарын және ЭЫДҰ Декларациясын басшылыққа алады.



ҚР Ұлттық экономика вице-министрі ҰБО-ны басқарады және ҰБО жұмыс процесіне жалпы бақылауды жүзеге асырады

2024 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енді

ҰБО МІНДЕТТЕРІ

- болжамды бұзу нәтижесінде туындайтын сұрау салулар мен өтініштерді қарау;
- мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл жасау;
- кәсіпкерлік қызметті жауапты жүргізуге қатысты ұсынымдар әзірлеу;
- басқа елдердің ҰБО-мен ынтымақтастық және өзара іс-қимыл;
- ЭЫДҰ-ның басшылық қағидаттары, ҰБО қызметі және бизнесті жауапты жүргізу стандарттары туралы жұртшылық пен бизнес-қоғамдастықтың хабардарлығын арттыру;
- кәсіпкерлік қызметті жауапты жүргізуді көтермелеуге, оның ішінде тиісті мемлекеттік органдармен үйлестіруге бағытталған саясаттарды әзірлеу, енгізу және олардың келісілуін қамтамасыз ету жөнінде ұсынымдар жіберу және Қазақстан Республикасының Үкіметіне қолдау көрсету.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЭКОНОМИКА- ЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР ИНСТИТУТЫ




1961 жылғы 11 мамырда құрылған және Пенсильвания Университетінің «Әлемнің ой-талқы орталықтары» (Think tanks and Civil Society Program, TTSP) рейтингінде 20-орынды иеленеді.

ERI қызметі елдің экономикалық стратегиясының іске асырылу барысын ғылыми тұрғыдан қамтамасыз етуге, экономиканың жай-күйін талдауға және оның келешекке дамуын болжауға, тұрақты экономикалық өсуге жәрдемдесуге, халықтың өмір сүру деңгейі мен сапасын арттыруға бағытталған.

ERI-дің кадрлық әлеуеті шамамен 140 адамды құрайды, олардың 52%-ы магистрлер, PhD, кандидаттар мен экономика ғылымдарының докторлары болып табылады.

ERI-ге Қазақстандағы ҰБО Хатшылығының функциялары жүктелді.

ЭЫДҰ БАСШЫЛЫҚ ҚАҒИДАТТАРЫНЫҢ БҰЗЫЛУЫ ТУРАЛЫ ӨТІНІШТЕРДІ ҚАРАУ ТӘРТІБІ



ЭЫДҰ БАСШЫЛЫҚ ҚАҒИДАТТАРЫНЫҢ БҰЗЫЛУЫ ТУРАЛЫ ӨТІНІШТЕРДІ ҚАРАУ ТӘРТІБІ

Бірінші кезең – автор өтінішті ҰБО Хатшылығына жібереді, онда ол талдануы тиіс: негізділігі тұрғысынан тексеру жүргізіледі, тараптармен кездесулер жүзеге асырылады.

Талдау қорытындысы бойынша ҰБО өндіріске өтінішті қабылдау/қабылдамау туралы шешім қабылдайды.

Екінші кезең-ҰБО тараптардың өзара келісімге қол жеткізуі үшін барлық күш-жігерін жұмсайды: кездесулер өткізеді, туындаған жағдайды реттеу рәсімдері мен тәсілдерін түсіндіреді. Қажет болған жағдайда ҰБО медиацияны немесе бірлескен келіссөздерді ұсына алады.

Үшінші кезең- ҰБО болашақта ЭЫДҰ-ның Басшылық қағидаттарын бұзбауға көмектесетін кәсіпорын үшін ұсынымдар болуы мүмкін шешім шығарады.

Өтініштерді қарау аяқталғаннан кейін ҰБО Хатшылығы қорытындыны тараптарға жібереді және ҰБО шешімінің орындалуына мониторинг жүргізеді.

Өтінішті қарау барысы туралы ақпаратты ҰБО Хатшылығының сайтынан көруге болады: ncp.eri.kz

ӨТІНІШ БЕРУ ТӘРТІБІ

ҰБО сайты

ncp.eri.kz сайтында электрондық өтініш бланкін толтыру және «Жіберу» батырмасын басу

ҰБО кеңсесі

Өтінішті үлгі бойынша жасау (бланкті ҰБО сайтынан жүктеп алуға болады) және Кеңсеге пошта қызметі арқылы жолдау

Call-center

+7 7172 99 99 12,
нөміріне хабарласу және өтініш пен байланыс деректемелерін қалдыру

e-Otinish

Жүйеге ЭЦҚ арқылы кіру, ұйымды («ЭЗИ» АҚ) таңдау және өтініш қалдыру

ОСЫ СІЛТЕМЕ БОЙЫНША ӨТІНІШ НЫСАНЫ ОРНАЛАСҚАН,
ҰБО РЕСМИ САЙТЫНДА ОРНАЛАСТЫРЫЛҒАН





Телеграмм-бот
ERIQ_bot



Телефон
+7 7172 99 99 12



Пошта
ncpkaz@eri.kz

ҰБО, өтініштерді қарау рәсімі туралы ақпаратты және басқа да пайдалы материалдарды мына жерден табуға болады

<http://ncp.eri.kz>

<http://eri.kz>